ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

# THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

**6** (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 6**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канседтович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 370–384
https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.875

УДК 338.1; 330.34
НТАМР 06.52.01

**A.A. Imanbayev[1]*, D.B. Balabekova[1], A. Kuralbayev[2], 2024.**
[1]Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan;
[2]Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan.
Email: ali_askar78@mail.ru

# INFLATION GROWTH IN KAZAKHSTAN AND ACTUAL WAYS TO REDUCE IT

**Imanbayev A. A.** – candidate of economic Sciences, Senior Lecturer, Department of Business, Central Asian Innovation University, city of Shymkent, Kazakhstan; ali_askar78@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0941-4213;
**Balabekova D.B.** – candidate of economic Sciences, Senior Lecturer, Department of Business, Central Asian Innovation University, city of Shymkent, Kazakhstan; ageka1947@mail.ru, https://orcid.org/0009- 0002-1457-3777;
**Kuralbayev A.** – PhD, Senior Lecturer, Department of Management and Tourism, Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan; almas.kuralbayev@ayu.edu.kz; https://0000-0002-6564-9711.

**Abstract**. This article analyzes the reasons for the increase in the inflation rate in Kazakhstan and provides recommendations for its reduction. Unfortunately, inflation growth in the Republic of Kazakhstan is not decreasing. Compared to the corresponding month of last year, in October 2024, the inflation rate increased by 8.5%. It should be noted that prices for paid services increased by 14.3% over the year, non–food products -by 7.8%, food products – by 4.9%.

The envisaged anti-inflationary measures for budgetary regulation of public expenditures and transfers by the Government of the Republic of Kazakhstan do not lead to positive results. In this regard, the issue of rising inflation remains relevant from year to year. Studying the statistical data on the growth of inflation in Kazakhstan over the years, we see that it is growing from year to year with a fairly high level. As a result, the development of our country's economy is characterized as unstable. The Government and the National Bank constantly emphasize the problem of rising inflation, carry out many plans and comprehensive measures to stabilize and reduce prices for consumer goods, but unfortunately they do not give the expected results and achievements. In our article, we analyzed the main causes of inflation, contributing to its high growth in the country, as well as why the comprehensive measures taken by the administrative authorities did not lead to the expected results.

The following results were achieved during the study:

- the risks of inflationary processes that negatively affect the development of the economy of Kazakhstan were analyzed;
- insufficient development of the financial and foreign exchange market in Kazakhstan has been revealed;
- the study revealed the dependence of the economy of Kazakhstan as a raw material supplier to external international economic changes;
- the priorities of economic diversification in maintaining the growth of the inflation rate are proposed;
- as a result of the study of complex paper-type measures of our state for the development of the country's economy, a reform of the industrialization of industries is proposed, i.e. the opening of a large number of different industries.

**Keywords:** Inflation, inflation rate, anti-inflationary policy, economic mechanism, economic management mechanism, government regulation.

**А.А. Иманбаев[1]*, Д.Б. Балабекова[1], А. Куралбаев[2], 2024.**
[1]Орталық Азия инновациялық университет, Шымкент, Қазақстан;
[2]Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан.
Email: ali_askar78@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДА ИНФЛЯЦИЯНЫҢ АРТУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ ЖОЛДАРЫ

**Иманбаев А.А.** – экономика ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университеті, «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, ali_askar78@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0941-4213;
**Балабекова Д.Б.** – экономика ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университеті, «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, ageka1947@mail.ru, https://orcid.org/0009- 0002-1457-3777;
**Куралбаев А.** – PhD, «Менеджмент және туризм» кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан, almas.kuralbayev@ayu.edu.kz; https://orcid.org/0000-0002-6564-9711,

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстанда инфляция деңгейінің өсу себептеріне сараптама жүргізіліп және оның алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар берілді. Өкінішке қарай, Қазақстан Республикасында инфляциялық өсім тоқтар емес, өткен жылдың тиісінші айымен салыстырғанда, 2024 жылдың қазанында инфляция деңгейінің 8,5% өсімі тіркелді. Мұнда ең қажеттілерін атап өтсек, ақылы қызметтердің бағасы бір жылда 14,3%–ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 7,8%–ға, азық-түлік тауарларының бағасы 4,9%-ға өсіп отырғандығын көреміз.

Инфляцияға қарсы шаралар бағытында ҚР Үкіметі тарапынан мемлекеттік шығындар мен трансферттерді бюджеттік реттеу ұтымды нәтижелерге әкелмей жатыр, сондықтанда біз үшін бұл инфляция деңгейінің өсу мәселесі жылдан жылға өзекті. Қазақстанның экономикалық дамуын жылдар бойына зерттегенімізде, жылдан жылға инфляция қарқынды өсіп жатқанын, сондай-

ақ еліміздің экономикасы тұрақсыздыққа тән екендігін көреміз. Үкімет пен Ұлттық Банк бұл инфляция деңгейінің өсуін күн тәртібінен түсірмей келеді, сондай-ақ тұтынушылық тауарлар бағаларын тұрақтандыру және төмендету бойынша көптеген жоспарлар мен кешенді іс-шаралар жүргізіп жатқанымен, қажетті нәтижелер мен жетістіктерге жете алмағандығының куәсіміз. Мақалада, елдегі жоғары өсімге ие инфляцияның негізгі себептеріне сараптама жүргізіліп, басқарушы билік органдарының қабылдап жатқан кешенді іс-шараларының не себепті оң нәтижелерге әкелмейтіндігі талданды.

Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- Қазақстан экономикасының дамуына теріс әсер етуші инфляциялық үдерістердің зиян жақтары сараланды;
- Қазақстанда қаржы және валюта нарығы жеткіліксіз дамығандығы анықталды;
- Қазақстанның экономикасының жоғары деңгейде шикізатқа тәуелділігі және соның негізінде сыртқы байланыстардың дұрыс еместігі зерттелді;
- инфляция деңгейінің өсуін тежеуде экономиканы әртараптандыру басымдықтары ұсынылды;
- өндіріс ошақтарын көптеп ашылуына ықпал жасау бағытындағы мемлекетіміздің қағазбастылық тұрпаттағы кешенді іс-шаралардан көрі, нақты өндірісті индустриялау реформаларын қайта жасау қажеттіктері ұсынылды.

**Түйін сөздер:** Инфляция, инфляциялық өсім, инфляцияға қарсы саясат, экономикалық механизм, экономикалық басқару механизмі, мемлекеттік реттеу.

**А.А. Иманбаев[1]*, Д.Б. Балабекова[1], А. Куралбаев[2], 2024.**
[1]Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан;
[2]Университет Х.А. Ясауи, Туркестан, Казахстан.
E-mail: ali_askar78@mail.ru

## РОСТ ИНФЛЯЦИИ В КАЗАХСТАНЕ И АКТУАЛЬНЫЕ ПУТИ ЕГО СНИЖЕНИЯ

**А.А. Иманбаев** – кандидат экономических наук, старший преподаватель кафедры «Экономика», Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан, E-mail: ali_askar78@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-0941-4213;
**Д.Б. Балабекова** – кандидат экономических наук, старший преподаватель кафедры «Экономика», Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан, E-mail: ageka1947@mail.ru, https://orcid.org/0009- 0002-1457-3777;
**А. Куралбаев** – PhD, старший преподаватель кафедры «Менеджмент и туризм», Университет Ахмеда Ясауи, Туркестан, Казахстан, E-mail: almas.kuralbayev@ayu.edu.kz, https://orcid.org/0000-0002-6564-9711.

**Аннотация.** В данной статье проведен анализ причин роста уровня инфляции в Казахстане и даны рекомендации по его снижению. К сожалению, инфляционный рост в Республике Казахстан не снижается. По сравнению с

соответствующим месяцем прошлого года в октябре 2024 года рост уровня инфляции составил – 8,5%. Отметим, что цены на платные услуги за год выросли на 14,3%, непродовольственные товары на 7,8%, продовольственные товары на 4,9%.

В предусмотренных антиинфляционных мерах по бюджетному регулированию государственных расходов и трансфертов со стороны Правительства РК не приводят к положительным результатам. В связи с этим вопрос роста уровня инфляции остается актуальным из года в год. Изучая статистические данные роста инфляции в Казахстане на протяжении многих лет, мы видим, что она растет из года в год с достаточно высоким уровнем. В следствии чего развитие экономики нашей страны характеризуется как нестабильное. Правительство и Национальный банк постоянно подчеркивают проблему роста уровня инфляции, разрабатывают многочисленные планы и проводят комплексные мероприятия по стабилизации и снижению цен на потребительские товары, которые, к сожалению, не дают ожидаемых результатов и достижений. В нашей статье мы провели анализ основных причин инфляции, способствующих её высокому росту в стране, а также рассмотрели, почему принимаемые комплексные меры органов управленческой власти не приводят к ожидаемым результатам.

В ходе исследования были достигнуты следующие результаты:

- проанализированы риски инфляционных процессов, негативно влияющих на развитие экономики Казахстана;
- выявлено недостаточное развитие финансового и валютного рынка в Казахстане;
- В ходе исследования выявлена зависимость экономики Казахстана как сырьевого поставщика от внешних международных экономических изменений;
- предложены приоритеты диверсификации экономики в удерживании роста уровня инфляции;
- В результате изучения комплексных мероприятий бумажного типа, предпринимаемых нашим государством для развития экономики страны, предлагается реформа индустриализации отраслей производства, то есть открытие большого количества различных производств.

**Ключевые слова:** инфляция, уровень инфляции, антиинфляционная политика, экономический механизм, механизм экономического управления, государственное регулирование.

**Кіріспе.** Мемлекет басшысы әр жылы өз жолдауларында елімізде болып жатқан инфляциялық өсімдер мен оның алдын алу шараларын негіздеу жайында ой қозғап келеді, атап айтқанда "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық өсудің жоғары сапасын қамтамасыз ету мен халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту жөнінде нақты міндеттер қойғандығын атап өтеміз. Президенттің осы тапсырмаларын орындау мақсаттары ретінде, Үкімет 2021-2024 жылдарға

арналған инфляцияға қарсы күрес жүргізу шараларының кешенін қабылдады. Осы аталған шаралар кешені шеңберінде бағаның өсуін тежеуге және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қолжетімділігін арттыруға бағытталған жедел және жүйелі сипаттағы 64 шараны іске асыру көзделгенін көрсетеді. Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру және мемлекеттік қаржылардың тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік қаржыны басқарудың арнайы тұжырымдамасы қабылданып жатыр. Мұнда, мемлекеттік қарызды басқару мәселелері, бюджет саясатын жүргізу, сондай-ақ Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру мен пайдалану мәселелерін шешу жолдары белгіленген. Ұлттық Қордан мемлекеттік шығыстар мен трансферттердің тиімділігіне бақылау күшейтуге бағытталған, тұжырымдаманың негізгі тәсілдері ретінде келесі шараларды бөліп көрсету ұсынылған:

* мемлекеттік қарыздың өсуін шектеу мен оның қауіпсіздігін сақтау шеңберінде бюджет тапшылығын кезең-кезеңімен азайту;

* қарыздар тұрақтылығының негізгі көрсеткіштерін белгілеумен жұмыс жүргізу;

* максималды экономикалық нәтижелерге жету бойынша, сондай-ақ жобаларды мұқият таңдау бойынша басқада іс-шаралар жиынтығын ескерген.

Қазақстанда инфляция деңгейінің өсу себептеріне талдаулар жасалып және оның алдын алу шаралары бойынша ұсыныстар берілді. Өкінішке қарай, Қазақстан Республикасында инфляциялық өсім тоқтар емес, өткен жылдың тиісінші айлармен салыстырғанда, 2024 жылғы қазанда 8,5% инфляция деңгейінің өсімі тіркелді. Мұнда ең қажеттілерін атап өтсек, ақылы қызметтердің бағасы бір жылда 14,3%–ға, азық–түлік емес тауарлардың бағасы 7,8%–ға, азық-түлік тауарларының бағасы 4,9%-ға өскен.

Инфляцияға қарсы шаралар есебінде ҚР Үкіметі тарапынан мемлекеттік шығындар мен трансферттерді бюджеттік реттеу ұтымды нәтижелерге әкелмей жатыр, сондықтанда біз үшін бұл инфляция деңгейінің өсу мәселесі жылдан жылға өзекті болып қала бермек. Қазақстандағы инфляция өсімін көптеген жылдар бойына зерттей сараласақ, жоғары деңгеймен жылдан жылға өсіп жатқанын және экономикамыздың дамуы тұрақсыздыққа тән екендігін байқаймыз. Үкімет пен Ұлттық Банк бұл инфляциялық өсім мәселесін үнемі атап, тұтынушылық тауарлар бағаларын тұрақтандыру және төмендету бойынша көптеген жоспарлар мен іс-шаралар жасағанымен, бірақ қажетті нәтижелер мен жетістіктерге әкелмей жатыр. Мақаламызда біз, елдегі жоғары өсімге ие инфляцияның негізгі себептерін талқылаймыз, сонымен қатар басқарушы билік органдарының қабылдап жатқан іс-шараларының не себепті оң нәтиже көрсетпейтінін талдаймыз.

**Материалдар және негізгі әдістер**

Қазақстан экономикасында жүргізіліп жатқан экономикалық саясатқа назар аударғанымызда, инфляциялық өсімді таргеттеуді басты жүргізуші Ұлттық Банкіміздің Ақша-несие саясатының тиімді жүргізілуіне теріс әсер беріп жатқан жәйттерді анықтай аламыз:

-біріншіден, Қазақстан экономикасының жоғары шикізатқа тәуелділігі және төмен әртараптандырылуы басты себеп болып отыр;

-екіншіден, бюджет саясатының жеткіліксіздігі және оны жүзеге асыру барысында қаржылық айналым мен тәртібінің орынсыздығы себеп;

- үшіншіден, нарықта бәсекелестіктің болмауы мен нарықтық экономиканың тетіктерінің дұрыс жолға қойылмауы орын алып отырса;

-төртіншіден, Қазақстанда қаржылық және валюталық нарықтардың жеткіліксіз дамуы орын алған.

Тұтастай айтқанда, жоғары өсімге ие, сондай-ақ, тұрақсыз және болжанбайтын инфляция кез келген елдің экономикасы үшін жойқын бүлдіруші күш болып табылады, әрине онымен күресу жүргізу экономикалық биліктің бірінші кезектегі міндеті, өкінішке қарай инфляцияны ауыздықтай алмай келеміз. Бәрімізге аян, инфляциялық үдеріс экономикалық өсуімізге тиімсіздіктер мен кедергілер әкелуімен қатар, өндірісіміздің еңбек өнімділігін азайтады, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің ұзақ мерзімді перспективалық қызметтерін төмендетеді, сондай-ақ жалпы елімізде ақша-несиелік айналымның бұзылуына, инвестициялық, өндірістік-ұйымдастырушылық жоспарлардың дамымауына әкелетіндігін білеміз.

Қазақстандағы инфляцияның себептерін анықтау мен оның өсімін көптеген жылдар бойы салыстырғанымызда, басқа елдерге қарағанда Қазақстанда инфляциялық өсім жоғары деңгейде тұрақсыздық сипатқа ие екендігін байқаймыз. 1-суретте Ресеймен, Австралиямен, Литвамен және бүкіл әлемдегі инфляцияның орташа көрсеткішімен салыстырғанда Қазақстандағы инфляцияның жоғары деңгейі мен тұрақсыздығы жоғары болып келгендігі анық көрініп тұр (Tastanbekova, et al., 2024).




Сурет 1 – Инфляциялық өсімді Қазақстан және басқа елдермен салыстыру
Дереккөз: © *Statista 2023*

2-суретте Қазақстанда инфляцияға әсер етуші компоненттер бөлінісінде

жылдар бойы негізгі үлесті азық-түлік тауарларына баға өсімінің орын алғандығын көреміз, бұл тұтыну себетінің құрамында шамамен 40% салмағына ие, сондай-ақ келесі кезекте азық-түлік емес тауарлар сызығы да басымдыққа ие, соңынан қызмет көрсету бағаларының өсімі берілген (Temirkhanov, et al., 2023).




Сурет 2 - ҚР-дағы инфляция және оның компоненттерінің бөлінісі
Дереккөз: © *Statista 2023*

Мұндағы басты себеп, жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстан экономикасының жоғары шикізатқа тәуелділігі және төмен әртараптандырылуы.

Ал сорақысы, соңғы 2024 жылдың мәліметтеріне келетін болсақ, Ұлттық статистика бюросының материалдары бойынша, өткен жылдың қазан айымен салыстырғанда суық суға тарифтер 60,3%–ға, орталық жылыту 33,6%–ға, су бұру 26,9%–ға, электр энергиясы 22,9%-ға, ыстық су 18,1%-ға, қоқыс шығару 16,3%-ға, тарату желілері арқылы тасымалданатын газ 11,6%-ға өскендігін көреміз.

Байқағанымыздай, 2024 жылы Қазақстанда барлық заттардың бағаларының өсімін көреміз, соның ішінде суық суға тарифтер 60,3%–ға, орталық жылыту 33,6%–ға, су бұру 26,9%–ға, электр энергиясы 22,9%-ға, ыстық су 18,1%-ға артқандығы, тұтас монополиялық өндіріс иелерінің қызметтерінде бір ауыздан көтерілгендігін байқаймыз. Антимонополиялық комитеттің іс-шаралары мен қызметтері мардымсыз.

Зерттеуде мынандай әдістемелер пайдаланылды:

Инфляция деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі - халықтың жеке тұтыну үшін сатып алатын тауарлары мен қызметтері бағасының жалпы деңгейінің уақыт бойынша өзгеруін көрсетеді.

Тұтыну бағаларының индексін есептеу екі көзден алынған ақпарат негізінде жүргізілді:

* осы мақсаттар үшін арнайы іріктелген сауда нүктелерінде және қызмет көрсету орындарында оларды тікелей тіркеу жолымен жиналған бағалардың өзгеруі туралы деректер бойынша;

* халықтың нақты тұтыну шығыстарының құрылымы бөлігінде үй шаруашылықтарын зерттеу материалдары бойынша.

Бағалардың өзгеруі туралы ақпарат жинау қалалар мен аудан орталықтарының іріктемелі шеңбері бойынша, барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада жүзеге асырылды. Сауалнамада әртүрлі сауда жағдайлары бар және жаппай сұранысқа ие тауарларды (қызметтерді) үнемі сататын кәсіпорындар ұсынылуы үшін сауда мен ақылы қызметтердің барлық түрлерінің объектілері таңдалды.

**Нәтижелер**

Қазақстан экономикасының дамуына теріс әсер етуші инфляциялық үдерістердің зияндықтары сараланды:

-инфляциялық үдеріс нәтижесінде ақшалай түрдегі жинақталған қаражат құнының төмендеуі салдарынан жинақталған кірістер қоғамның пайдасының қайта бөлінуіне әкеледі;

-инфляцияның баға құрылымындағы күрт өзгерістер кәсіпкерлік субъектілердің, үй шаруашылықтардың қаржылық, өндірістік-ұйымдастырушылық жоспарлауды қиындатады, бұл өз кезегінде бизнес бастамаларының туымдамауына да алып келеді;

- қоғамның саяси әлеуметтік тұрақтылығы төмендейді, әлеуметтік шиеленістердің артуы қылмыстық жағдаяттың өршуіне алып келеді;

- экономиканың ашық секторындағы бағалардың өсімі отандық тауарларымыздың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Нәтижесінде импорт ұлғаюы өндірісімізді тежейді, экспорттық сатылым азаяды, елде жұмыссыздық артады;

- шетелдік валюталарына сұраныстар артады, бұл капиталымыздың кемуі мен валюталық нарықтағы айналымның бұзылуына әкеледі, ұлттық валюта құлдырауға түсе береді;

- ақшалай жинақтардың қор мөлшері төмендейді, нақты активтерге шетелдік инвесторлар тарапынан сұраныстар артады;

- мемлекеттік бюджеттің құрылымындағы шығыстар көбейіп, кірістердің азаюы жалғасады. Мемлекет тарапынан фискалдық және монетарлық саясаттарды тиімді жүргізу мүмкіндіктері шегереді. Бюджет тапшылығы мен мемлекеттік қарыз артады;

- стагфляция жағдайында инфляцияның жоғары деңгейі жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен байланысты болады. Жұмыспен қамту бойынша іс-шаралар мен жолдардың өсуіне жол бермейді;

- инфляциялық үдерістердің жылдан жылға кемі 14 пайыздық өсе беруі және онымен күрес жүргізбеу экономикалық үлкен дағдарыстың туындауына жол ашады.

Бұл аталғандарды бәрі, Үкіметіміз бен Ұлттық банктің біркелікті түрде жоспарлы, әрі тиімді кешенді жоспарларды туындатып, бірге жүргізуді талап етеді.

Бағаға әсер етудің жанама әдістері ақша-несие және фискалдық саясаттың дефляциялық шараларын қамтиды. Инфляцияның өсуіне байланысты орталық банк ақша массасының өсуін, берілетін кредиттердің көлемін, ашық нарықта сатылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың есепке алу мөлшерлемесін реттеу және міндетті резервтерінің ұлғаюын біртіндеп шектеу қызметтері қазіргі таңда істелінуі тиіс басымдылыққа ие.

Қазақстанда қаржы және валюта нарығы жеткіліксіз дамыған. Ұлттық валютаның өзгермелі бағамы, міндетті элемент болып табылатын инфляциялық таргеттеу бойынша БЖК жүргізу елде дамыған қаржы нарығының болуын қажет етеді. Онсыз ДКП трансмиссиялық тетіктерін іске қосу және нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін тиімді басқару өте қиын, бұл Ұлттық Банктің инфляцияны тежеу және тұрақтандыру үшін экономикадағы сұранысты басқарудың негізгі құралы болып табылады. Өкінішке қарай, Қазақстандағы қаржы және валюта нарықтары олардың тереңдігі, ауқымдылығы, қаржы құралдарының қолжетімсіздігі, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың саны мен әртүрлілігі тұрғысынан жеткілікті дамымаған күйі теріс әсер етіп отыр.

**Талқылау**

Төмендегі ғалымдардың еңбектерінде инфляциялық үдерістерді тоқтатудың жолдары жайында зерттеулері мен пікірлері бар. А.В. Корнющенко, Т.Г. Ильина қазіргі ақша-несие саясаты шеңберіндегі инфляцияны реттеу тәсілдері мен тетіктерін есебінде инфляциялық таргеттеу саясатын іске асыруды жеткізген. Орталық банк жүргізетін инфляциялық таргеттеу саясаты әртүрлі экономикалық дағдарыстар мен әртүрлі жағдайларда нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін ескере келіп, ЖІӨ деңгейі бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін бірыңғай мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясат шеңберінде инфляцияға қарсы саясатты одан әрі дамыута ықпал жасайтынын ұсынады (Kornuchenko, et al., 2019).

Сондай-ақ, Р.К. Шакирова өз мақаласында мемлекеттің инфляцияға қарсы және бейімделу саясатының балама түрлерін жүйелеп, сыни тұрғыдан талдаулар жүргізе келіп, инфляциялық процестер мен мемлекеттің фискалдық саясатының өзара байланысын тәптіштеуді көрсетеді. Мемлекеттің инфляцияға қарсы саясатын бейімдеуде инфляциялық таргеттеу әдісінің қажеттілігін негіздеп, сондай-ақ салық саясатының инфляциялық процестерге әсер ету әдістерін меңзеген (Shakirova, 2015).

Ал, Аркадьева О.Г., Березина Н.В. ауқымды геосаяси жағдайдағы қаржылық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерінде өзара ықпалдарының артуы жағдайында, инфляцияға қарсы реттеу мәселелерін шешу кезінде елдің экономикалық ерекшеліктеріне тән амалдар жасау, ақша-несие саясатының тиімділігін арттыру әдістерін жетілдіру бағыттарына тоқталған және мұнда, ақша-несие саясаты таза монетарлық реттеуге қарағанда едәуір

кең болуы керектігін, және инфляцияны таргеттеу бойынша ауыздықтауды болжамдау ұсыныстарын жасаған (Arkadeva, et al., 2022).

И.О. Абрамова, Л.Л. Фитуни Африка елдерінің экономикалық дамуының негізгі тенденцияларын зерттеуде инфляциялық процестердің әсерлеріне талдаулар жүргізген. Африка экономикасының ішкі даму жағдайларын айқындай келе, әлемдік экономиканың қазіргі заманғы құрылымына терең ене алмауында инфляциялық кедергілердің үлесі көп екендігін және мұнымен күресте макроэкономикалық деңгейде болжамдау қажеттіліктерін алға тартады (Abramov, et al., 2016).

Д.В. Кадирбеков, Н.З. Казиева еңбектерінде инфляциялық процеске ең үлкен әсер ететін факторларды талдай келе, инфляцияға қарсы әсерлердің туындауына сондай-ақ, нарықтық бәсекелестік механизмін тиімді жүргізу амалдары мен жеке кәсіпорындардың экономикалық жауапкершілік механизмін қалыптастыру қажеттіліктеріне пікірлер ұсынады (Kadyrbekov, et al., 2018).

Еңбектерді талдай келе инфляциялық үдеріспен күресуде еліміз экономикасында инфляцияны ауыздықтатуды таргеттеу мен болжамдаудың тетіктерін жасау тиімділіктерге әкелетіндігін ескеру қажет, сондай-ақ нарықтық экономикамызды дамыту желісінде әрине жеке кәсіпорындардың да, нарыққа қатысушы кәсіпкерлік субъектілердің де тұтынушылық тауарлар бағаларын бағамдауда жауапкершілік таныту тетіктерін амалға асыру қажеттігін алға тартамыз.

Президенттің инфляцияны белгіленген дәліздерге қайтару жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында Үкімет 2021-2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін қабылдады. Осы аталған шаралар кешені шеңберінде бағаның өсуін тежеуге және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қолжетімділігін арттыруға бағытталған жедел және жүйелі сипаттағы шараларды іске асыру көзделгенін көрсетеді.

Бұл аталған жоспарлар мен іс-шаралардың бәрінде Үкімет пен Ұлттық банктің біркелкі қызметтері көрінбейді. Үкімет тарапынан мемлекеттік шығындарды қысқарту амалдары жоспарланып жатқанымен, әртүрлі бағыттағы мемлекеттік қаржылар мен халықты әлеуметтік қамсыздандыру қаражаттарының жылдан жылға көбеюі өз мақсатты бағыттарынан ауытқып жатқанын көреміз. Ал Ұлттық банктің жоспарлары мен қызметтерінде екінші деңгейлі банктерді несиелендіруді азайту, қаржылық айналымдардағы ақша массасын тежеу сынды іс-шаралар көрінгенімен, соңғы кезде ұлттық валютамыздың жаңа номиналдарын көптеп шығаруға бағыт алғандығы – теріс әсер бергенін көрсетеді деп ойлаймыз.

Елімізде антимонополиялық комитеттің жұмыстарының тиімсіздігі орын алуда, жоғарыда статистикалық көрсеткіштерде байқағанымыздай, монополиялық салалар қызметтерінің бағаларының өсімі орынсыз және жоғары деңгейде болып жатқандығы айқын көрініс. 2024 жылғы 11-ақпаннан бастап Қазақстанда пәтерлер мен үй шаруашылықтарын қоса алғанда, ауыз су тұтынушылары үшін жаңа сараланған тариф енгізілуде. Бұл тарифтердің

көтерілуі енді басқа инфрақұрылымдық салалардағы тауарлар және қызмет көрсету бағаларының өсуіне әкелетіндігі айдан анық!

Елімізде шикізаттан өнім шығару бағытын нақты қолға алып қайта жоспарлау, индустриямызды дамыту, соның ала цифрлық технология арқылы дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілікті арттыру шарттарында қайта қадам басу, қайта құрылымдау біз үшін қазіргі таңдағы қажетті кешендер болып табылады. Өкінішке қарай, сыбайлас-жемқорлықтың белең алуы да өндіріс ошақтарының дамуына теріс әсерін беріп жатыр.

Экономиканың жоғары шикізатқа тәуелділігі Қазақстанның сыртқы күйзелістерге ұшырауына ықпал етеді. Бұл, ең алдымен, жаһандық нарықтардағы мұнай бағасына қатысты. Қазақстан Тәуелсіздігінің 33 жылдан астам уақыт ішінде ел экономикасын әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруы толыққанды мүмкіндіктерге әкелмей отыр. Шикізат пен импортталатын тауарлар бағасының динамикасы сияқты сыртқы факторлар ел ішіндегі инфляцияға өте ауыр әсер етеді. Мысалы, бұрын бірнеше рет болғандай, энергия бағасының айтарлықтай жоғарылауы төлем балансының нашарлауына, бұл өз кезегінде ұлттық валютаның әлсіреуіне және инфляцияның өсуіне әкеледі. Соңғы он жылда мұнай бағасының ауытқуы соншалықты жоғары болуы, мұнай экспорттаушы елдермен сыртқы және ішкі сауда жағдайларында бұрын-соңды болмаған құбылмалылыққа тап болдық. Ал ауыл шаруашылығын едәуір кеңейтуге және экономиканы индустрияландыруға бағытталған, сондай-ақ технологиялық дамуға ықпал ететін құрылымдық реформаларды жүргізу әрекеттері бұрын бірнеше рет жасалғанымен, олардың нәтижелерін әсерлі деп атауға болмайды (Syzdykov, et al., 2020).

